

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 сәуір N 398. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 наурыздағы N 258 P940258_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы., 1994 ж., N 13, 125-бап);

"Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің жанындағы Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық департаменті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 22 ақпандағы N 189 P950189_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 7, 78-бап).

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
1996 жылғы 8 сәуірдегі
N 398 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі туралы

Е Р Е Ж Е
I. Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі (Қазақстан Республикасы Құрылысмині) басшылықтың жергілікті өкілді және атқарушы органдарымен өзара қызмет пен құрылыс кешені және аумақтарда құрылыс салу, сәулет, тұрғын үй саясатын жүзеге асыру және тұрғын үй қорын пайдалануды жақсарту салаларындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асырушы орталық атқару органы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Құрылысмині өз қызметінде Конституцияны, Республика Президенті мен Үкіметінің заңдарын, актілерін, сондай-ақ осы Е р е ж е н і б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

3. Қазақстан Республикасының Құрылысмині заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өз аты жазылған мөрі болады.

II. Негізгі міндеттері мен функциялары

4. Қазақстан Республикасы Құрылысмині негізгі міндеттері болып: сәулет, қала құрылысы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс материалдарының өнеркәсібі, құрылыс индустриясы, құрылыс-жол машиналарын жасау салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және оның жүзеге асуын бақылау;

сәуле-қала құрылысы саласында жаңа экономикалық жағдайларға барабар мемлекеттік реттеудің әдістерінің жүйесін жасау, нарықтық қатынастарды, әлеуметтік әріптестікті қалыптастыруға және дамытуға ықпал ету;

қала құрылысында, инженерлік зерттеулерде, жобалауда, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін пайдалану, күрделі жөндеу және қайта конструкциялау салаларында нормативтік құжаттар жасау;

мемлекеттік тұрғын үй саясатын жүзеге асыру және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;

тұрғындардың өмір сүруі үшін қолайлы орта құру мақсаттарында орналастыру жүйесін жетілдіру, қалалар мен басқа елді мекендердің құрылысын салу кезінде үйлердің, ғимараттардың және кәсіпорындардың сәулет-жоспарлау және сәулет көркемдік шешімдерінің сапасын арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру болып табылады.

5. Қазақстан Республикасының Құрылысмині оған жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

сәулет, қала құрылысы, тұрғын үй саясаты және коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша заң және нормативтік актілердің жобасын жасауға,

құрылыстың, құрылыс материалдары өнеркәсібінің, құрылыс индустриясының, құрылыс машиналарын жасаудың және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың материалдық-техникалық базаларының соны бағыттарын дамытуға атсалысады;

жасауды қамтамасыз етеді, сәулет-қала құрылысы қызметтері саласында мемлекеттік нормативтерді, сондай-ақ тұрғын үйлерді жан-жақты пайдалану және сақтау жөніндегі нормативтерді белгіленген тәртіпте қабылдайды, шығарады және қолданысқа енгізеді және олардың дұрыс пайдалануы үшін бақылауды жүзеге асырады;

құрылыстағы техникалық нормалау мәселелері бойынша республиканың құрылыс саласындағы барлық субъектілерінің жұмысын үйлестіреді; ұйымдардың, кәсіпорындардың және республиканың басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілерінің құрылыс материалдарына, бұйымдары мен конструкцияларына сараптау және техникалық шарттарына (ТШ) келісу жүргізеді;

инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемелік құжаттарды жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлейді;

Қазақстан Республикасының құрылыс, құрылыс материалдары өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларындағы материалдық-техникалық базасының дамуына элеуметтік-экономикалық болжам жасауға қатысады;

орналастыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі ережесін жасайды, қала құрылысын жетілдіру, үйлер мен ғимараттардың сәулет-жобалау және конструкциялық шешімдерінің, қалалар мен басқа мекендердің құрылысын салудың сапасын арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады, тарихи қала құрылысы мұраларының сақталуы жөнінде шаралар қолданады, тұрғындардың өмір сүруі үшін жан-жақты орта қалыптастырады;

сәулет пен қала құрылысының жергілікті органдарымен бірлесіп қалалар мен басқа елді мекендерді жобалаудың және құрылысын салудың нормалары мен ережелерінің, үйлерді қайта конструкциялаудың және өзгертудің белгіленген тәртібінің сақталуы, аумақтарды қала құрылысын реттеудің айрықша режимімен пайдалану үшін, қалаларда және басқа елді мекендерде жерлерді орынды пайдалану үшін бақылауды ұйымдастырады әрі жүзеге асырады және заңмен белгіленген санкциялар қолданады;

республиканың аумақтары бойынша Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын енгізуді және оның ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуін ұйымдастырады; салалық ғылыми-техникалық бағдарламаларды жасайды және жүзеге асуын қамтамасыз етеді;

мемлекеттік органдар мен құрылыс ұйымдарының құрылыс саласындағы

мақсаттық инвестициялық бағдарламаларды орындау жөніндегі қызметін үйлестіреді;

Қазақстан Республикасының Құрылысминінің құзыретінің шегінде құрылыс, құрылыс материалдары өнеркәсібі, құрылыс индустриясы, құрылыс машиналарын жасау және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдары мен кәсіпорындарының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының кепілдігімен берілетін мемлекеттік қаражаттың және инвестициялық кредиттердің есебінен қаржыландырылатын объектілерді жобалауға және салуға мемлекеттік сауда өткізудің тәртібін белгілейді, оларды өткізуді ұйымдастыруға қатысады;

тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүліктерді бағалау жөніндегі қызметтерді үйлестіруді және оған басшылық жасауды жүзеге асырады;

құрылыста, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта бағаның құрылуына талдау жүргізеді, құрылыс өнімдеріне ерікті (келісімді) баға қалыптастыру үшін әдістемелік негіз жасайды, құрылыстың сметалық құнын анықтаудың тәртібін белгілейді;

құрылыс, құрылыс материалдары өнеркәсібі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарын жекешелендіру жөнінде ұсыныс әзірлейді;

салалық монополизациясыздандыру бағдарламасын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, тұрғын үй рыногын, коммуналдық қызметтерді және құрылыс материалдары өнеркәсібі тауарларын құрудағы кәсіпорындар арасындағы бәсекелестікті дамытуға ықпал жасайды;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкімен бірлесіп жаңа тұрғын үй саясаты Мемлекеттік бағдарламасы мен оны жүзеге асырудың механизмдерін жүзеге асыру бойынша тұрғын үй лотереяларын және басқа да іс шараларды ұйымдастырады және өткізеді;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Мемлекеттік комитетімен бірлесіп тапсырыс берушілері республикалық бюджеттен қаржыландырылатын атқару өкіметінің органдары, ұйымдар мен мекемелер болып табылатын құрылысы аяқталмаған үйлерді құрылысын аяқтау үшін беру не болмаса сату туралы шешім қабылдайды;

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-бап) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысымен анықталған қызметтер түрлерін белгіленген тәртіпте мемлекеттік лицензиялауды қамтамасыз етеді;

сертификациялық қызметті ұйымдастыруға және құрылыс өнімдеріне белгіленген тәртіппен сертификаттар берілуіне ықпал жасайды;

құрылыстың, объектілердің құрылысын салу кезінде қолданылатын материалдардың, бұйымдардың және конструкциялардың сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын ұйымдастырады;

инвестициялардың техникалық-экономикалық негіздеріне (ТЭН), құрылыс жобаларына, сондай-ақ қала құрылысы құжаттамаларына белгіленген тәртіпте мемлекеттік ведомстводан тыс сараптаулар жүргізуді қамтамасыз етеді;

салалық акционерлік қоғамдардың келісімі бойынша мердігерлік ұйымдарды, құрылыс индустрияларының базаларын, құрылыс материалдары өнеркәсіптерін, құрылыс машиналарын жасауды, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты кешенді дамытудың аймақ аралық бағдарламаларын әзірлеуді және жүзеге асыруды жүзеге асырады;

жобалау, жобаларды сараптау, инженерлік зерттеу, баға құрылымы және құрылыстағы сметалық іс салаларында әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

олардың тұрғысына қарамастан мемлекеттік инвестициялардың есебінен немесе мемлекеттің кепілдігімен шетел кредиттерін пайдалану арқылы жүзеге асырылатын құрылыс жобалары мен объектілерді қайта конструкциялаудың техникалық-экономикалық негіздерін (ТЭН) бекітудің тәртібін жасайды;

республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу және жобалау-зерттеу жұмыстарын жүргізудің бағытын қалыптастырады және орындалуын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, зерттеудің және жасаудың нәтижелерін құрылысқа енгізуге ықпал жасайды;

өндірістік және тұрғын үй-коммуналдық тұрғыдағы объектілер құрылысының эксперименттік, типтік және базалық жобалық шешімін жасауды ұйымдастырады және бекітеді;

еңбекті ұйымдастыруды және нормалауды жетілдіруді әдістемелік қамтамасыз етуге қатысады, Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне қолданылып жүрген тарифтік-квалификациялық анықтамаға кірмеген жұмысшылармен лауазымды қызметкерлердің мамандықтары бойынша тарифтік-квалификациялық мінездеме ұсынады;

құрылыстың, құрылыс материалдары өнеркәсіптерінің, құрылыс индустриясының, құрылыс машиналарын жасаудың және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың қажеті үшін кадрларды дайындауды, қайта дайындауды және мамандықтарын арттыруды ұйымдастырады;

белгіленген тәртіпте құрылыс саласында шетелдермен және халықаралық ұйымдармен ғылыми-техникалық және экономикалық әріптестікті жүзеге асырады, құрылыс қызметіндегі әріптестік бойынша ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің Үкіметаралық кеңесінің жұмысына қатысады;

қоғамдық ұйымдармен бірлесіп қызмет атқарады, олардың келісімі бойынша

сәулет, қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларында әлеуметтік, экономикалық және техникалық саясаттарды жасауға тартады; мобилизациялық дайындық және азаматтық қорғаныс жөніндегі іс шаралардың кешенін жоспарлы жүргізуді жүзеге асырады.

III. Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің негізгі құқықтары

6. Қазақстан Республикасы Құрылысминінің: өз құзыреті шегінде нормативтік ведомстволық актілерді қабылдауға, құрылыс, сәулет, қала құрылысы және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық салаларында бұйрықтар шығаруға;

мемлекеттік нормативтерді бекітуге және қолданысқа енгізуге және белгіленген тәртіпте құрылыс материалдарына, бұйымдарына және конструкцияларына техникалық шарттарды келісуге;

белгіленген тәртіпте министрліктер мен жергілікті атқару органдарының сәулет-қала құрылысы қызметтері саласындағы нормативтік актілерге қайшы келетін актілер мен жекелеме шешімдерін тоқтату және жою жөнінде ұсыныс енгізуге, құрылыс, сәулет, қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларында нормаларды, ережелерді және әдістемелік құжаттарды қолдану мәселелері бойынша түсінік беруге және басқадай шешімдер қабылдауға ;

атқарушы өкіметтің басқа органдары сәулет, қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларында жасаған нормативтік актілердің жобалары бойынша ұсыныс әзірлеуге;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімі бойынша өз құзыретінің шегінде мақсатты бағдарламалар бойынша мемлекеттік тапсырыс беруші болуға және олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге;

белгіленген тәртіпте құрылыс өнімдерін сертификациялау жөніндегі сынақ лабораторияларын (орталықтарын) кредиттендіруді жүзеге асыруға;

мемлекеттік басқару органының функциясына сәйкес сәулет-қала құрылысын бақылау салаларында құрылыстың барлық сатыларында өнім шығару кезінде нормативтік-техникалық және жобалау құжаттамалары талабының сақталуына бақылау жүргізуді қамтамасыз етуге және аңғарылған кемшілік үшін қажет болған жағдайларда заңда белгіленген санкция қолдануға құқы бар.

IV. Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің қызметін ұйымдастыру

7. Қазақстан Республикасының Құрылысминінің Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Министр б а с қ а р а д ы .

Министрдің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын және қызметінен босататын министрдің орынбасарлары болады.

М и н и с т р :

саланың даму жағдайы, Президент пен Үкіметтің заңдарының, актілерінің орындалуы үшін жауапкершілік жүктейді;

Министрліктің қызметіне басшылық жасайды және Министрлікке жүктелген тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді;

белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобасын енгізеді;

Министрдің орынбасарлары мен Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттерін бөледі;

атқару өкіметінің басқа органдарының басшыларымен бірлескен нормативтік құ ж а т т а р ш ы ғ а р а д ы ;

жұмысшылар саны мен еңбекақы төлеу қорының белгіленген шегінде Министрліктің орталық аппаратының штаттық кестесін, бөлінген ассигнованиялар шегінде оны ұстау шығынының сметасын, сондай-ақ Министрліктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

белгіленген тәртіпте Министрліктің жүйесіне кіретін ұйымдарды құрады, қайта құрады және жояды, олардың басшыларын тағайындайды және қызметінен б о с а т а д ы ;

белгіленген тәртіпте сәулет, қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларында айрықша көзге түскен мамандарды құрметті атақтар беруге және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен м а р а п а т т а у ғ а ұ с ы н а д ы .

8. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінде Министрліктің жанындағы консультативтік-кеңесушілік орган болып табылатын алқа құрылады.

Алқаның жеке құрамын Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының ішінен Министр бекітеді, алқа мәжілісінің кезеңділігі мен күн тәртібін Министр анықтайды.

Алқа өз мәжілістерінде Қазақстан Республикасы Құрылысминінің қызметіндегі маңызды мәселелерді қарайды. Алқаның шешімі хаттамалармен ресімделеді және министрдің бұйрығымен өмірге енгізіледі.

Алқаның мәжілістеріне қажет болған жағдайларда талқыланатын мәселелерге

тікелей қатынасы бар мемлекеттік басқару органдарының, кәсіпорындардың және мекемелердің басшылары, ғалымдар мен мамандар қатысады.

9. Құрылыс, сәулет, қала құрылысы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларындағы проблемаларды талдау үшін Қазақстан Республикасының Құрылысминінде сәулет және қала құрылысы, құрылыс және коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша ғылыми-техникалық кеңес құрылады. Көрсетілген кеңестің жеке құрамы мен ол туралы ережені Министр бекітеді.

10. Қазақстан Республикасының Құрылысмині заңда белгіленген тәртіпте Министрліктің қызметін қамтамасыз ету үшін журналдар, газеттер және басқа бұқаралық ақпарат құралдарын шығаруға құқықты.